


# Жеңіс Сарыарқа



*Бала — гүлі өмірдің,  
Қуанышы көңілдің.*

2005

3

# Қазақ басылымдарындағы дін мәселесі



**Әбдіжәлел БӘКІР –**  
ҚР Парламент Мәжілісі  
Аппаратының бас  
кеңесшісі,  
философия ғылымдарының  
кандидаты

Тәуелсіздік жылдары күрделі саяси-экономикалық және рухани жаңарулар ағымында халқымыздың діни көзқарастары да толығып, Қазақстан зайырлы қоғам болып қалыптасу үстінде. Кейінгі кезде қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарында осы жөнінде бірсыпыра мазмұнды материалдар басылды. Біздің байқауымызша, бұл мәселені жүйелі түрде жазып келе жатқан “Түрікстан” газеті екен. Басқа басылымдарда да бар. Енді осыларға шолу жасап көрелік.

Еліміздегі дін жағдайына жан-жақты талдау жасап, оның мемлекетпен қатысын да қарастырған көлемді материал- “Қазақстандағы дін және мемлекет қатынастары” (“Дала мен қала”.04.02.05.) атты мақала. Авторы - дінтанушы, философия ғылымдарының кандидаты Мұртаза Бұлұтай.

Қазақстанда мұсылмандар мен христиандар жалпы халықтың шамамен 97 пайызын құрайды. Бұларға қоса елімізде көптәңірлі (политеистік) және атеистік бағыттағы нанымдарды ұстанатын шағын топтармен қатар біртәңірлі (монотеист) йаһудилік (иудаизм) дінінің өкілдері де бар.

Тәуелсіздікке дейін бірде-бір діни ұйымы болмаған йаһудилердің бүгінгі күні 25 діни бірлестігі, барлық облыс орталықтарында дерліктей синагогалар жұмыс істеп жатыр. Орталық Азия бойынша ең үлкен синагога жу-

ырда Астана қаласында салынды. Израиль, АҚШ және өзге елдердегі бас раввиндер елімізге жиі келіп, ресми адамдар, кәсіпкерлер және жамағат өкілдерімен кездесулер өткізуде. Қазақстан йаһудилері құрылтайы жанынан “Шалом”деп аталатын газет шығады. Йаһудилердің санының артуы және олардың діни ішараларының бұдан да даму қаупі бар.

Соңғы жылдары үгіт-насихат жұмыстарын күшейткен дәстүрлі емес діни ағымдар қатарынан “Сайнтология шіркеуі”, Бахаизм, Қадияние (Ахмадия), Кришна қоғамы, Сатанизм, Вессерианство шіркеуі сияқтыларды атауға болады.

Протестанттықтардың жаңа формалары, әсіресе тәуелсіздік жылдарында өте белсенді миссионерлік іс-қимылдарды жүзеге асырып, бірсыпыра азаматтарымызды өз қатарына тартып үлгерді. Олар негізінен АҚШ-та орналасқан протестант миссионерлік ұйымдар. Елімізде протестанттықтың 20 шақты конфессиясы және мыңнан астам діни бірлестіктері мен қоғамдарының қызмет етіп жатқаны біраз нәрсені аңғартса керек. Күн сайын шетелдердегі протестант шіркеулерінің жаңа тармақтары өз миссионерлерін бізге жөнелтуде. Олардың ең басты мақсаты Қазақстанды інжілдендіру (евангелизациялау) және қазақ халқын түгелдей өз нанымдарына иландыру болып табылады. Яғни қазақтың ата дінінен мақұрым-мәңгүрттерінің сенімін жаулап алу. Осы арада АҚШ-тағы діни фундаментализмнің негізін қалаған осы протестант шіркеулері екенін ескерген жөн.

Конституциямыз бойынша орталығы шетелдерде орналасқан діни ұйымдардың Қазақстандағы басшыларының тағайындалуы

тиісті мемлекет мекемелерімен үйлестіріле отырып жүзеге асырылуы керек. Бұл жерде де сәл ойлануға тура келетін жайттар бар. Автор жоғарыда көрсетілген көптеген діни ұйымдар мен миссионерлердің және экстремистік бағыттағы зиянды ағымдардың шектен тыс қажыр-қайрат жасауы салдарынан бүгінгі күні еліміздегі діни ахуал аса күрделі жағдайда деп есептейді. Ал, осы күрделі ахуал ертеңгі күні қандай болмақ? Тиісті шаралар бүгін қолданылмаса, бірнеше жылдан кейін діндер арасындағы қатынастар қандай кейіпте болады? Осындай шетелдік ұйымдардың жүздеген мың яки миллиондаған азаматтарымыздың рухани тізгінін қолда ұстауы бір жағынан "ішкі істерге қол сұғушылық" болса, екінші жағынан әлеуметтік балансты теңселтетін нәтижелерді алып келетін күш болуы мүмкін.

Елімізде діни бірлестіктер құруға және осыған байланысты заң бұзушылықтың жауапкершілігін қарастыратын құқықтық актілер жоқ емес. 2001 жылғы ақпан айынан бастап республикамыздың кейбір аймақтарында заң бұзушылықтарға Қазақстан Республикасының соттары тиісті шаралар қолданып келеді. Мәселен, Қызылорда қалалық соты 2001 жылғы 14 наурыздағы шешімімен белгілі тәртіппен тіркеуден өтпеген "Иегова куәгерлері" жамағатының (басшылары Гүлжан Хан Жарықова және Бақыт Алтаев) жұмысын тоқтатқан. Сол сияқты Атырау облысындағы Құлсары аудандық соты 2001 жылғы 2 мамырда "Иман" баптист шіркеуінің (басшылары Құрманғазы Әбдімұратов және Асхат Әлімжанов) жұмысын тіркеуден өткенге шейін тоқтату жөнінде үкім шығарған. Сондай-ақ Құлсарыда Тараз Сомалык есімді "Пентекосталь" шіркеуінің (фундаменталист бағыттағы протестант сектасы) қызметкерінің ресми тіркеуден өткенге дейін үгіт-насихат жұмысын жасауына тыйым салынған.

Ислам атын жамылып, өртүрлі негізсіз хәм зиянды үгіт-насихат жүргізіп жатқан мұндай діни ағымдар баршылық. Олардың ішінде баспасөз бетінде жиі аталатыны және қоғамдық тыныштыққа нұқсан тигізушісі "Хизб-ут-Тах-

рир" ұйымы. Құран Кәрімде "халифат құру" туралы ешқандай мәлімет жоқтығына қарамастан, бұл ұйым Орталық Азиядағы мемлекеттердің орнына "халифалық" мемлекетті орнатқысы келеді. Шынайы Исламның төмен деңгейде насихатталуын және сауатты мамандар мен дінтанушылардың аздығын пайдаланған осындай ұйымдар, әсіресе оңтүстік аймақтарда бірсыпыра жастарымызды өз қатарына қосып алды.

Белгілі дінтанушының ойынша, еліміздегі мемлекет және дін қатынастары жөнінде айта кететін бір мәселе – ешбір діни мейрамның мемлекет деңгейінде бекітілмегендігі. Мұсылмандардың Құрбан айт және Ораза айт мерекелеріне Қазақстанмен көршілес мемлекеттердің бәрінде де ресми демалыс берілген. Біз алуан этникалық және діни топтардан құралған Малайзия мемлекетінің тәжірибесін дұрыс пайдаланып, ең болмағанда Құрбан айтқа 3 күн, ал Ораза айтқа 1 күн, сондай-ақ православие шіркеуінің рождество мерекесіне 1 күн ресми демалыс берсек, оның елімізге, мемлекетімізге пайдасы ғана тиер еді - деп санайды автор.

Мемлекет - дін қатынастарының өзекті бір мәселесі азаматтардың дін саласында білім алу, оқу құқығын пайдалануы. Еліміздегі "Білім туралы" Заңда бұл мәселе толық шешімін тапқан жоқ. Қазір Қазақстанда 8 жоғары, 6 орта оқу орны мен 3 жалпы діни білім беру мекемесі жұмыс істеуде. Жоғары оқу орындарының екеуі мұсылмандардікі. Бұған қоса 1 католик, 1 лютеран және 4 протестант оқу орны бар. Протестантизм бағытын ұстанатын адамдар саны ең азы болғанымен, олардың діни бірлестіктері мен діни оқу орындары сан жағынан бөрінен жоғары.

Мақаланың "Қазақстандағы Ислам мәселелері" атты соңғы бөлімінде еліміздегі мұсылманшылықтың жүйеленуі және тұтастануы үшін төмендегідей мәселелердің оң шешім табуы қажет екені атап көрсетілген.

Біріншіден: ең маңызды проблема- еліміздегі мұсылмандардың белгілі бір жүйе бойынша ұйымдаспауы және ислами үгіт-насихаттың дініміздің негізгі бұлағына, яғни Құран Кәрімге



толыққанды сәйкестік қағидасы бойынша жүзеге асырылмауы.

Екіншіден: ислам ғылымдарын оқыту және ғылыми-зерттеулерді белгілі бір жүйеге салу, дін ғылымдарын жете меңгерген, көкірегі һәм көзі ашық, заман талабына сәйкес кадрларды дайындау мәселелері де жөнді шешімдерін тапқан жоқ.

Үшіншіден: жоғарыдағы бірінші және екінші проблемалардың дұрыс шешілуі мұсылмандардың Құран Кәрімді дұрыс түсінуіне тікелей байланысты. Құранды дұрыс түсіну екі жолмен ғана жүзеге асады: 1) арабшаны меңгеру; 2) Құранның мағнасын дұрыс жеткізетін сапалы тәржімесін жасау.

Төртіншіден: еліміздегі діни қатынастарды реттейтін заңдарды қайта қарап, қажетті тұстарын өзгертіп, толықтырып, мемлекет мүддесін ескере отырып қабылдау.

Бесіншіден: Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының құқықтық және әкімшілік мәртебесін нығайту керек. Сонда ғана оның қаржыландыру және басқару тетіктерін жетілдіруге болады.

Алтыншы: мүмкін болса, еліміздегі өтпелі кезең белгілі бір дәрежеге көтеріліп, саяси-экономикалық ахуал тұрақтанып, азаматтарымыз алдымен өздерінің дәстүрлі діндерін жете зерттеп, түсініп алғанға дейін миссионерлік әрекеттерге тоқтау салуымыз қажет.

“Берекең кетсе, нең қалар” (“Түрікстан,” 27.01.05.) атты мақалада да еліміздегі дін мәселесінің ушығуы ұлттық тәрбие, тіл, діл мәселелерімен астарласып жатқандықтан, қабылданар дін туралы жаңа заңда көптеген секталардың бейберекет әрекеттері заңсыз деп табылып, оларға тыйым салынуы керек екендігі туралы айтылған. Сондай-ақ, Дін басқармасы оралман имамдарды, олармен қатар ислам мемлекеттерінің діни университеттерінде білім алып қайтқан өз жастарымызды қайтадан аттестациялауы қажет.

Газеттің осы күнгі нөмерінде жарияланған “Төбеге шықты деген осы!” деген материалда “Хизб-ут-Тахрир” ұйымы мүшелерінің Құрбан айт кезінде ашықтан-ашық Алматыдағы Орталық мешіт маңында ереуіл өткізгені ту-

ралы жазылған. Елімізде кеңінен таралып жатқан әртүрлі ағым-секталардың артында алпауыт елдер, алып ұйымдар, зобалаң саясат жатыр. Ол саясаттың астарында бір Қазақстанға ғана қатысты емес, күллі Орта Азия аймағына қатысты мүдделер тоғысады. Бір мысал, “Хизб-ут-Тахрир” партиясының орталығы Лондонда орналасқан. Уаһхабизм, ахмадия сынды ағымдар да кезінде Батыстың қолдауымен дүниеге келген болатын. Автор ұлттық қауіпсіздікке, мемлекеттік тұтастыққа нұқсан келтіретін евангелистік, иеговольық, кришналық, т.б.ағым-секталардың қызметіне тыйым салуды қажет деп есептейді. Мысалы, Ресейде “Хизб-ут-Тахрир” партиясы “террористік ұйым” деп танылған.

“Тіл үйретеміз деп, дін үйрететін...” атты мақалада (“Түрікстан” 13.01.05.) жат пиғылды миссионерлер туралы жазылған. Қазақстанда он жылдан астам уақыт ішінде олардың қызметі өз жемісін беріп, мыңдаған қандастарымызды жат жерлік ағым-секталар өзара бөлісіп алды. Атамыз-евангелист, анамыз-кришнаит, әкеміз - иеговашыл, баламыз- сатанист болды. Олар қалалардың қақ орталарынан шіркеулер мен діни орталықтарын ашып, енді ауылдарға бас бұрып отыр. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихат жүргізіп, мыңмыңдаған уағыздық кітаптар таратуда.

Деректер келтіре кетейік. 2003 жылы мамыр-маусым айларында Алматыда “Ағылшын клубы” деген орталықта “тіл үйретеміз” деген желеумен қаладағы оқу орындарына американдық миссионер студенттер жіберілген. Олар жергілікті студенттермен әртүрлі спорттық ойындар ұйымдастырып, арасында өз отбасыларының суреттері салынған альбом көрсетеді. Ондағы Исаның суретімен таныстырады. Содан оның кім екендігі, оның өмірі туралы уағыз басталады. Осылай тіл үйреніп жүрген жастар бірте-бірте евангелиені қабылдаған. Көбісінің ата-анасы мұны білмейді. “Мұны білсе ата-анамыздың жүрегі жарылады,” - дейді ҚазҰУ-дың студенті Әсел.

2003 жылдың қараша айында Алматыдағы Республика сарайында христиан дінінің

евангелие тармағының шетелден келген миссионері Дэвид Хасави “Сауықтыру және жаратқан иенің ғажап істері” атты діни семинар өткізген. Екі күн бойы 3 мың кісілік залда уағыз жүргізіліп, ол миллиондаған аудиторияға тарайтын 31-телеарнадан көрсетіледі. 2004 жылдың қыркүйегінде Алматы облысына қарасты Қаскелендегі Береке ауылында Кришна құдайының туғанына 5000 жыл толғанына орай үлкен думан болған. Қазақстан кришнаиттерінің рухани көсемі Говинда Свамидің айтуынша, Алматыдағы ескі алаңда кең көлемде өткен кришнаиттердің “Ратха-ятра” мейрамына кезінде В. Храпунов басқарған қалалық әкімшілік барлық жағдайды жасапты.

Автор - Кәмшат Тасболатова өзінің мақаласын біздің еліміздегідей “Әлемде тәуелсіздікті алып барып, діни талан-таражға ұшырап, бөлініп, ыдырап, жеңілген ұлт бұрынсоңды болмаған шығар” деген жанайқай сөздермен аяқтайды.

“Түрікстан” газетінің биылғы жылғы 20 қаңтардағы санында Ислам дініне байланысты екі мақала басылған. “Ислам діни және қазақ қоғамы” деген бірінші мақалада “Зерде” қорының бастауымен өткен “Темірқазық” пікірсайыс клубының кезекті жиынынан есеп берілген. Еліміздің білікті дінтанушылары мен басқа да зиялы қауым өкілдерінің басын қосқан жиында теология ғылымдарының докторы Мұхитдин Исаұлы мен философия ғылымдарының кандидаты, дінтанушы Мұртаза Бұлұтай дін мен қазақ қоғамына қатысты жеке баяндамалар жасаған. Олар елімізде ортақ діни идеяның жоқтығын, сол себепті халықтың түгелдей дерлік бір сенім мен идеяда еместігін, қаптап кеткен евангелистік, иеговалық, кришналық, т.б. келімсек ағым-секталарды былай қойғанда, мұсылмандардың өздері жік-жік болып бөлініп, ортақ мәмілеге келе алмай жүргенін ашына айтқан.

Ел ішінде ҚМДБ-ға қарамайтын сопылық, шейдтік, ахмадийлік, т.б. бағыттағы білгісін, діни білімі мол адам болып көрінгісі келетін ағымдар көптеп табылады. Осыған байланысты білікті дінтанушы Мұхитдин Исаұлы төмендегідей амалдарды ұсынады: 1) Діндер

туралы заңды қайта қарап, қазақ халқының ертеден келе жатқан сүнниттік көзқарасын анықтау керек; 2) Бұл мақсатта Исламды зерттейтін ғылыми орталықтар ашып, сүнниттік бағыттағы мамандар дайындауға баса назар аудару қажет; 3) Мектеп, жоғарғы оқу орындарында дін дәрісін енгізіп, ҚМДБ-ның құзырын күшейткен абзал.

Белгілі дінтанушы Мұртаза Бұлұтай: “Еліміздің діни экспансия алаңына айналуы-ұзақ мерзімде Қазақстанның мемлекет ретінде дамуына қауіп төндіреді”-дейді. Сондықтан ең алдымен, елдегі 70 пайыз мұсылманның басын біріктіріп алып, қалған 29 пайыз христиандармен тату-тәтті өмір сүру керек. Сондай-ақ дін туралы заң қабылдаған кезде діннің кейбір қағидаларын ескере отырып, Құранның кейбір үкімдерін, Ислам дінінің кейбір әмбебап қағидаларын пайдалансақ дұрыс болар еді деген пікір де айтылған.

Енді пікірсайыста айтылған кейбір ойларға тоқтала кетейік. Б.Тайжан:” Мен мұндай сұмдықты тек қана Қазақстанда көріп отырмын. Елімізде - 43, кейбір деректерге қарағанда - 48 конфессия бар. 1,5 млрд. халқы бар Қытайда көне заманнан келе жатқан 4-ақ дін бар екен” десе, Мұрат қажы Мыңбаев: “Қазақстан исламды алып тастаса - ол қазақ емес. Ол Абайды танымайды, әке-шешесіне дұға етпейді, некесін қимайды. Менің туған қарындасым иегово куәгері боп кетті. Оның қазақша аты болмаса, ол қазақ емес” дейді. Ал келесі қатысушы Б.Дүйсенбі былай депті: ” Біз Ислам дінінің қасиетін білуіміз керек. Қазақ халқының небір алапат соғыстар кезінде, кейін қытай , орыс ассимиляциясынан сақталып қалуының негізі - асыл дініміздің руханилығында жатыр.”

Газеттің осы бетінде жарияланған “Қазаққа қандай дін керек?” деген екінші мақалада кейбір дінтанушылар Діни басқарманың қазіргі саясатындағы екі мәселемен келіспейтіндіктерін білдіреді. Оның біріншісі: Арабия, Түркия, т.б. мемлекеттерде “хизб-ут-тахир”, ”ахмадия” сияқты исламның радикалық бағытына итермелейтін діни мамандарды даярлауға қарсылық. Екіншісі: шетелден түрлі діни ма-



мандарды шақыруды тоқтату. Дінтанушылардың ойынша, исламды дұрыс меңгеру үшін Құран Кәрім көрсеткен жолмен жүруіміз керек. Ол үшін Аллаға серік қосқандарды, жол-жөнекей пайғамбар ойлап тапқандарды қолдамауымыз қажет.

Жиындағы өзекті мәселелердің көшбасында елдегі мұсылмандардың ішінара бөлінуі, миссионерлердің елімізде қаптап кетуі, қазақтың үш жүзден бұрын түрлі ағым-секталарға бөлінуі, т.б. проблемалар бар. Бір айта кетерлігі, бұл мәселелер бүгін шешілмесе, ертең қиын болады. Мамандардың пікірінше, бірінші қадамды елдегі мұсылмандардың басын біріктіруден бастау қажет.

Бұқаралық ақпарат құралдарында Мәжіліс депутаты М.Шахановтың дін туралы депутаттық сауалына байланысты материалдар да кездеседі. “Дін мәселесі депутаттық мәлімдемеден аспас” (“Жас алаш”, 22.01.05) деген мақалада Қазақстанда анархиялық сипат алған бүгінгі діни-теологиялық жағдай жарты миллионнан астам қазақтың басқа дінге өтіп кетуіне негіз болғандығы туралы жазылған. Бұл мәлімет Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының 2004 жылдың басындағы есебінен алынған. Жарты миллион мұсылманның көкірегіндегі “қазақ” деген сөз өшті. Талай қазақтың ұлттық рухын жойған, талай отбасын алатайдай бүлдірген бөгде дін қазір жалпы қазақ мемлекетінің тұтастығына, бірлігіне, қауіпсіздігіне қатер төндіріп отыр.

“Жас алаш” газетінде (01.03.05.) басылған “Жастардың басқа діндерді қабылдау себебі неліктен?” деген мақалада Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің студенттері арасында дін мәселесіне арналған сауалнама жүргізілгені жөнінде жазылыпты. Сұралғандардың 94 пайызы құдыретті бір күштің бар екеніне сенетінін білдірсе, 6 пайызы бұған күмән келтіреді. “Қазақ жастарының басқа дінге өтуі дұрыс па?” деген сұраққа - 78 пайызы “дұрыс емес, мен оған қарсымын” деп жауап берсе, 20 пайызы “қай дінді қабылдаса да әркімнің өз еркі” деген ой айтады. “Басқа дінді қабылдаған қазақтарға қалай қарайсың?” деген сұраққа сұралғандардың 40 пайызы “олардың басқа адамдармен қарым-қатынас жасауына тыйым салу керек” десе, 24

пайызы “онда тұрған еш нәрсе жоқ” деп жауап берген, яғни бұл келеңсіз құбылысты қалыпты жағдай деп қарайды. Сонымен қатар сұралғандар арасында басқа дінді қабылдағандарға жанашырлық танытып, Ислам дініне деген теріс көзқарасын өзгертіп, көмек беру керек деушілер (14 пайыз) мен басқа дінге өтушіліктің алдына алу керек дегендер де (18 пайыз) кездесті. Сұралғандар жастардың басқа дінді қабылдауына әсер ететін төрт факторды бөліп көрсетеді. 1. Ұлттық рухтың төмендігі (32 пайыз). 2. Күнкөрістің қиындығы (22 пайыз). 3. Тәлім-тәрбиенің нашарлығы (24 пайыз). 4. Күшті үгіт-насихат (22 пайыз). Мақалада ретіне қарай барлық оқу орындарында дін пәні оқытылуы керек деген пікір де айтылады. “Жас алаш” газетінің осы санында басылған “Заңымыз заманына сай емес-ау” атты қысқа мақалада автор Парламент депутаттары “Діни сенім және діни бірлестіктер” туралы Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізер деп сенім білдіреді.

Соңғы кездегі бұқаралық ақпарат құралдарындағы материалдарға шолу жасау, мамандар мен қаламгерлердің дін тақырыбына әр қырынан келгендігін байқатады. Кейбір мақалалар Ислам діні туралы танымдық сипатта болса, ал екінші біреулер насихаттық мәнге ие. Осы бағытта «Жаңа Сарыарқа» журналының ұстанымы бөлек. «Белгілі адамдар Ислам туралы» айдарымен жүйелі берілетін мақалаларда тікелей үгіт-насихат жоқ. Бірақ басқа дінде болған белгілі адамдардың өздерінің Ислам жолына қалай келгендіктерін айтқыза отырып, Ислам дінінің адамгершілік сипатын оңтайлы ашып отырады. Бұл адам сеніміне әсер етудің тиімді жолы.

Қоғамымыздағы діндік ахуалға байланысты күнделікті қазақ басылымдарына шолу жасау төмендегідей қорытынды жасауға итермелейді. Негізгі мәселе – дін туралы заңды қайта қарау, елімізде бүгінгі таңда қалыптасып отырған діндік қатынастарды заң тұрғысынан реттеуді жолға қою, халқымыздың бірлігіне және этносаралық келісіміне нұқсан келтіретін ағым-секталарға тыйым салу, дәстүрлі дінге көзқарасты заман талабына сай кеңейте түсу. Осының бәрі Парламентке жаңа да жауапты міндеттер жүктейді.

